

**«ХИТ-ШЕРУДІҢ ЖҰЛДЫЗЫ БОЛ»
ЖАРНАМАЛЫҚ АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ
(ӘРІ ҚАРАЙ - ЕРЕЖЕЛЕР)**

1. «ХИТ-ШЕРУДІҢ ЖҰЛДЫЗЫ БОЛ» ЖАРНАМАЛЫҚ АКЦИЯСЫ (әрі қарай – Акция) «Орео» тауар белгісімен шығарылатын өнімге қызығушылық туындату және қолдау, оң бедел мен тұтынушылық сұранысты қалыптастыру мақсатында, сондай-ақ осы өнімді сату көлемін ұлғайту мақсатында белгісіз тұлғалар тобы арасында өткізіледі. Акция лотерея, құмар ойын емес, қатысушылардан қатысу үшін ақы төлеуді талап етпейді.

2. АКЦИЯНЫҢ ТАПСЫРЫС БЕРУШІСІ, ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ, ТЕХНИКАЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

2.1. Жарнамалық акцияның Тапсырыс берушісі: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға, А05В8У6, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Төле би к - сі, 101, "Далич" БО мекенжайында орналасқан, БСН 080240015871, " Мон'дэлис Қазақстан" ЖШС (әрі қарай - "Тапсырыс беруші").

2.2. Жарнамалық акцияның Ұйымдастырушысы: Акцияның Орындаушысы болып Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға, БСН 050840004119, Қазақстан Республикасы, А05F8У4г, Алматы, Наурызбай батыр 17, 303 кеңсе мекен-жайында орналасқан (әрі қарай – "Ұйымдастырушы"), Тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша әрекет ететін "Urban Media" ЖШС (Урбан Медиа) табылады.

2.3. Техникалық серіктесі "Magnum Cash&Carry" ЖШС.

3. АКЦИЯНЫҢ ӨТКІЗІЛУ МЕРЗІМІ

3.1. Акцияның өткізілу мерзімі: 2021 жылғы 1 сәуірден бастап 2021 жылғы 30 сәуірге дейін (қоса алғанда) (әрі қарай – Акция мерзімі).

3.1.1. Бірегей кодтарды тіркеу кезеңі: 2021 жылғы 1 сәуір сағат 00:01-ден 2021 жылғы 30 сәуір сағат 23:59-ға дейін (қоса алғанда).

3.2. Акция жеңімпаздарына жүлделерді табыс ету мерзімі: қоса алғанда 2021 жылғы 30 маусымға дейін.

3.3. Осы Ережелерде көрсетілген барлық мерзімдер Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша есептеледі.

4. АУМАҚ, ПРОМО-САЙТ ЖӘНЕ ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ

4.1. Акция Қазақстан Республикасының барлық аумағында "Magnum Cash&Carry" сауда-бөлшек сауда желісінде өткізіледі (әрі қарай - "ҚР»);

4.2. Қатысушыларды Акцияға қатысу тәртібі, Акция шарттары (оның ішінде оларды өзгерту, толықтыру), Акция ережелері туралы хабардар ету келесідей жүзеге асырылады:

1) Акцияның www.oreo-promo.org ресми интернет-бетінде (әрі қарай – Сайт) және/немесе Акцияның техникалық серіктесінің www.magnum.kz сайтында;

2) 8 800 0700 315 телефон нөмірі бойынша "шұғыл желі" ақпараттық желісі арқылы (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)

4) Акция бойынша сұрақтарға арналған электрондық пошта: mdlz.consumer@mdlz.com.

4.3. "Шұғыл желі" ақпараттық желісі: дүйсенбіден бастап қоса алғанда жұмаға дейін күн сайын сағат 12:00-ден 21:00-ге дейін жұмыс істейді.

"Шұғыл желі" ақпараттық желісінің жұмыс режимі Тапсырыс берушінің қалауы бойынша кез келген уақытта операторлардың жұмыс режимінен автохабарландырушының жұмыс режиміне өзгертілуі мүмкін.

4.4. Ұйымдастырушы және (немесе) Тапсырыс беруші кез келген уақытта Акцияның шарттарын өзгертуге, оның өткізілуін мерзімінен бұрын тоқтатуға, Акция туралы қосымша ақпаратты жариялауға құқылы. Акция және оның шарттары бойынша жаңартылған (қосымша) ақпарат Тапсырыс беруші осындай өзгерісті (жаңартуды) бекіткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сайтта жариялануы тиіс.

4.5. Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы және Техникалық серіктес осы Ережелерде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда және даулы жағдайлар туындаған кезде Акция Қатысушыларымен жазбаша келіссөздер немесе өзге де байланыстар жүргізбеу құқығын өзіне қалдырады.

4.6. "Magnum Cash&Carry" ЖШС Акцияға қатысты өтініштер мен шағымдарды қабылдамайды.

5. АКЦИЯЛЫҚ ӨНІМ

5.1. Акция "Орео" сауда белгісімен шығарылатын төменде аталған өнімдерге қатысты (әрі қарай – "Акциялық өнім") өткізіледі:

Өнімнің атауы	Штрих-коды
Орео печеньесі 228г	7622210653048
Орео печеньесі 38г	7622210653086
Орео печеньесі 95г	7622210653031
Құлпынай салмасы бар Орео 228г	7622210700391
Құлпынай салмасы бар Орео 95г	7622210694737
Шоколадты салмасы бар Орео печеньесі 228г	7622210768131
Шоколадты салмасы бар Орео печеньесі 38г	7622210799234
Шоколадты салмасы бар Орео печеньесі 95г	7622210769459
Ванильді салмасы бар ОРЕО жұқа печеньесі, 192 г	7622210606150
Ванильді салмасы бар ОРЕО жұқа печеньесі, 96г	7622210606105
Шоколадты салмасы бар ОРЕО жұқа печеньесі 96г	7622210627308
Шоколадты салмасы бар ОРЕО жұқа печеньесі, 192г	7622210627636
Кокос қосылған жұқа Орео 192г	7622210867414

5.2. Акциялық өнімді Қатысушы Ережелердің 3.1-тармағында көрсетілген мерзімде "Magnum Cash&Carry" сауда-бөлшек сауда желісінде сатып алуы тиіс.

6. АКЦИЯ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

6.1. Акцияға кәмелетке толған әрекетке қабілетті адамдар: Қазақстан Республикасының азаматтары; ҚР тұруға рұқсаты бар және Қазақстан аумағында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар қатыса алады (әрі қарай – "Қатысушы").

6.2. Акцияға қатысуға жол берілмейді:

- Тапсырыс берушінің және (немесе) Ұйымдастырушының, Техникалық серіктестің қызметкерлері;
- Ұйымдастырушымен, Техникалық серіктеспен және (немесе) Тапсырыс берушімен үлестес деп танылған тұлғалар;
- Ұйымдастырушы және(немесе) Тапсырыс берушімен бекітілген азаматтық-құқықтық және басқа да қарым-қатынастары бар және Акцияны ұйымдастыруға және(немесе) өткізуге, Тапсырыс берушінің өнімін сатуға байланысты үшінші тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері;
- жоғарыда аталған адамдардың жақын туыстары;
- азаматтығы жоқ тұлғалар және ҚР тұруға рұқсаты жоқ өзге мемлекеттердің азаматтары.

6.3. Осы Ережелердің 6.1-6.2 тармақтарының шарттарына сәйкес келмейтін азаматтардың Акцияға қатысу фактісі анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы мұндай тұлғалардың Акцияға қатысуынан және (немесе) жүлде беруден бас тартуға құқылы.

7. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

7.1. Акцияға қатысу үшін Акцияның өткізілу мерзімінде:

- 1) "Magnum Cash&Carry" сауда-бөлшек сауда желісінің кез келген дүкенінен 1 данадан бастап Акциялық өнімді сатып алу;
- 2) "Magnum Cash&Carry" сауда-бөлшек сауда желісінің кассирінен бірегей коды бар бақылау-касса машинасының чегін (әрі қарай – чек және(немесе) фискалдық чек) алу;
- 3) Сайтта сұралған ақпаратты тіркеу нысанының тиісті өрістеріне енгізу арқылы www.ogeo-promo.org Сайтында тіркелу;

Тіркелу сәтті болған жағдайда Сайтта акцияға тіркелу туралы қалқымалы хабарлама пайда болады.

Сайттағы өрістер дұрыс толтырмаған жағдайда сайтта дұрыс енгізілмеген ақпарат туралы қалқымалы хабарлама пайда болады. Бұл жағдайда Қатысушы ақпаратты дұрыс енгізіп, "Жіберу" батырмасын қайта басуы керек.

Қатысушының Сайтта сәтті тіркелу фактісі оның осы Ережелердің шарттарымен келісетіндігін растайды. Акцияның ресми Ережелерін білмеу Қатысушыларды оларды орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатпайды;

- 4) Әрі қарай Сайтта, Қатысушының жеке кабинетінде бірегей кодты (әрі қарай осылайша – Код) тіркеу қажет.

Сайт бағдарламасы тіркелген кодты тексереді және Қатысушыға кодтың жарамдылығы туралы лезде хабарлайды.

7.2. Акциялық өнімнің сатып алынғанын растайтын және бірегей коды бар чектің түпнұсқасын, қоса алғанда 2021 жылғы 30 маусымға дейін сақтау қажет.

Акциялық өнімді сатып алу күні көрсетілген, Акция өткізілетін мерзімге сәйкес келмейтін чектер Акцияға қатысуға қабылданбайды.

Бақылау-касса машиналары чектерінің нысаны мен мазмұнына қойылатын ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін, Акциялық өнімге сілтеме, Бірегей код көрсетілмеген чектер акцияға қатысуға қабылданбайды.

7.3. Бірегей кодты Акция Қатысушысы тек 1 (бір) рет қана тіркей алады, бір ғана кодты, бір ғана немесе басқа ұялы телефон нөмірлерінен қайтадан тіркеуге тыйым салынады.

Акцияның өткізілу мерзімінде әрбір Қатысушы Бірегей кодтардың шектеусіз санын тіркей алады.

8. АКЦИЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

8.1. Акцияның жүлде қоры Тапсырыс берушінің ақшалай қаражаты есебінен қалыптастырылады және келесі Жұлделерден тұрады:

Жұлденің атауы	Саны
САЛЫНБАЛЫ ҚҰЛАҚҚАПТАР	50 дана
ПОРТАТИВТІ БАҒАН	50 дана
АУДИОЖҮЙЕ	3 дана

8.2. Тапсырыс беруші Акцияның Жұлде қорын өзгерту, оның ішінде жұлделердің санын, жиынтығын, түрін және өзге де сипаттамаларын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

8.3. Акция жүлделерінің сыртқы түрі, олардың өлшемі, суреті, қаптамасының түсі және өзге де сипаттамалары жарнамалық материалдарда ұсынылған кескіндермен және қатысушылардың жеке үміттерімен сәйкес келмеуі мүмкін. Акцияның жүлделері ретінде ұсынылатын тауарлардың сапасы үшін осы тауарлардың өндірушісі жауапты болады.

9. АКЦИЯ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЖҮЛДЕЛЕРДІ АЛУ ШАРТТАРЫ/ТӘРТІБІ

9.1. Салынбалы құлаққаптар және Портативті баған жүлделері Сайтта бірегей кодтардың ең көп санын бір апта ішінде тіркеген Акция Қатысушыларына табыс етіледі, Салынбалы құлаққаптар және Портативті баған жүлделерін алған Қатысушыларды анықтау Акцияны өткізудің бүкіл мерзімі ішінде апта сайын өткізіледі:

- **1 аптадағы Салынбалы құлаққаптар (10 дана) және Портативті баған (10 дана) жүлделерін алған Қатысушыларды анықтау** – 2021 жылғы 5 сәуір - 2021 жылдың 1 сәуірінде Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша 00 сағат 00 минуттан бастап 2021 жылдың 4 сәуірінде 23 сағат 59 минутқа дейінгі кезеңде тіркелген Бірегей кодтар арасында;
- **2 аптадағы Салынбалы құлаққаптар (10 дана) және Портативті баған (10 дана) жүлделерін алған Қатысушыларды анықтау** – 2021 жылғы 12 сәуір - 2021 жылдың 5 сәуірінде Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша 00 сағат 00 минуттан бастап 2021 жылдың 11 сәуірінде 23 сағат 59 минутқа дейінгі кезеңде тіркелген Бірегей кодтар арасында;
- **3 аптадағы Салынбалы құлаққаптар (10 дана) және Портативті баған (10 дана) жүлделерін алған Қатысушыларды анықтау** – 2021 жылғы 19 сәуір - 2021 жылдың 12 сәуірінде Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша 00 сағат 00 минуттан бастап 2021 жылдың 18 сәуірінде 23 сағат 59 минутқа дейінгі кезеңде тіркелген Бірегей кодтар арасында;
- **4 аптадағы Салынбалы құлаққаптар (10 дана) және Портативті баған (10 дана) жүлделерін алған Қатысушыларды анықтау** – 2021 жылғы 26 сәуір - 2021 жылдың 19 сәуірінде Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша 00 сағат 00 минуттан бастап 2021 жылдың 25 сәуірінде 23 сағат 59 минутқа дейінгі кезеңде тіркелген Бірегей кодтар арасында;
- **5 аптадағы Салынбалы құлаққаптар (10 дана) және Портативті баған (10 дана) жүлделерін алған Қатысушыларды анықтау** – 2021 жылғы 1 мамыр - 2021 жылдың 26 сәуірінде Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша 00 сағат 00 минуттан бастап 2021 жылдың 30 сәуірінде 23 сағат 59 минутқа дейінгі кезеңде тіркелген Бірегей кодтар арасында;

9.1.2. **1 апта ішінде Салынбалы құлаққап және Портативті баған жүлделерін алған 20 (жиырма) қатысушы** апта сайынғы негізде анықталады

9.1.3. Апта сайынғы сыйлықтардың жеңімпаздарына арналған Сыйлық атауын анықтау келесі кезекте жүзеге асырылады:

а) рейтингте 1,3,5,7,9,11,13,15,17,19 орын алған қатысушылар сыйлық - жоғары құлаққап алады;

б) рейтингте 2,4,6,8,10,12,14,16,18,20 орын алған қатысушылар сыйлық-портативті спикер алады.

9.2. Аудиожүйе жүлдесі Сайтта Акцияны өткізудің бүкіл мерзімі ішінде Бірегей Кодтардың ең көп санын тіркеген 3 (үш) Акция қатысушыларына беріледі.

9.3. Жеңімпаздарды анықтау Акция мерзімі аяқталғанға дейін жүзеге асырылады (Ережелердің 3.1 т.).

9.4. Ұйымдастырушы қажетті ақпаратты растау/анықтау үшін, Кодтарды тіркеу жүзеге асырылған ұялы телефон нөмірі бойынша Акция Қатысушысымен байланыса алады.

9.6 Акцияның Тапсырыс берушісі /Ұйымдастырушысы /Техникалық серіктестері Акция Жеңімпазынан талап ете алады, ал Жеңімпаз акциялық қаптаманың түпнұсқаларын, тіркелген коды бар чектің түпнұсқасын, сондай-ақ Акция Жеңімпазының жеке басын куәландыратын құжаттарды (ҚР азаматының жеке куәлігі/тұруға рұқсат) ұсынуға міндетті.

Акция Жеңімпазы ұсынған чектердің түпнұсқаларын Ұйымдастырушының өкілі алып қояды және қатысушыға қайтарылмайды.

9.7. Осы Ережелердің шарттарын орындамаған Акция Жеңімпазы жүлдені алу құқығынан айырылады. Мұндай жағдайда Акцияның Тапсырыс берушісі осындай жүлдеге өз ұйғарымы бойынша иелік жасайды.

9.8.Акцияның барлық жүлделері Ұйымдастырушының есебінен (Ұйымдастырушының таңдауымен) Сайтта тіркелген кезде Акция Жеңімпазы көрсеткен мекен-жай бойынша курьерлік қызмет арқылы Акция Қатысушысы Жеңімпаз деп танылған күннен бастап, ал ақпаратты нақтылау / құжаттарды алу қажет болған жағдайда Жеңімпаздан қажетті ақпаратты (құжаттарды) алған күннен бастап және Акция Жеңімпазы Ережелердің барлық шарттарын орындаған жағдайда күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде жіберіледі.

9.9. Акция Қатысушысы көрсетілген мән - жайлар қай уақытта белгілі болғанына қарамастан тиісті жүлдені қандай да бір өтемсіз, оның ішінде ақшалай өтемақысыз алу құқығын келесі жағдайларда жоғалтады:

- егер Акция Қатысушысы оған тиісті жүлдені табыс ету сәтіне дейін ережелерді бұзушы деп танылса;
- егер Акция Қатысушысы жүлдені алудан бас тартатыны туралы ауызша немесе жазбаша түрде электрондық байланыс құралдарының көмегімен мәлімдесе;
- Акция Қатысушысын сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда;
- осы Ережелердің 9.4 т.сәйкес осындай Жеңімпазбен байланысқа шығудың 3 (үш) сәтсіз әрекетінен кейін.

9.10. Тапсырыс берушінің/Ұйымдастырушының жүлделерді тапсыру бойынша міндеттемелері сәйкес жүлделерді жөнелту үшін берген сәттен бастап орындалған болып есептеледі. Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы курьерлік қызметтің әрекетіне/әрекетсіздігіне жауапты емес.

9.11. Жүлдені иелену құқығы Жеңімпазға осындай жүлдені тапсырған сәттен бастап ауысады, Акция Жеңімпазы өзіне тиесілі Жүлдені сатуға және пайдалануға байланысты барлық шараларды өз бетінше қабылдайды.

9.12. Акцияның Тапсырыс берушісіне /Ұйымдастырушысына /Техникалық серіктестеріне тәуелсіз себептер бойынша, оның ішінде пошта қызметтерінің, байланыс қызметтерінің, компьютерлік жүйелердің жұмысындағы іркілістерге байланысты акция Жеңімпазы жүлдені тапсыру/ алу мүмкін болмаған, оның сақталу мерзімі ішінде Жеңімпаз өзіне жіберілген Акция Жүлдесін алмаған және т.б. жағдайда Акцияның осындай Жүлдесі талап етілмеген деп танылады, сәйкес Жеңімпаз оны қайтадан талап ете алмайды және Акцияның Тапсырыс берушісі өз ұйғарымы бойынша пайдаланады.

9.13. Акция Қатысушыларына Акцияды өткізудің бүкіл кезеңі ішінде кіріс қоңыраулары мен кіріс СМС-хабарламалар үшін олардың ұялы нөмірлерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік жүктеледі.

9.14. Акция Сыйлығын алу құқығын Акция Жеңімпазы үшінші тұлғаға бере алмайды.

Ұтқан жүлдені Акцияның өзге жүлделеріне ауыстыруға жол берілмейді. Жүлделердің ақшалай баламасын төлеу жүзеге асырылмайды.

9.15. Акция жүлделерінің саны шектеулі және осы Ережелерде көрсетілген санды құрайды. Ұйымдастырушының Қатысушыларға жүлделерді беру жөніндегі міндеттемелері жүлде қорының жалпы мөлшерімен шектелген; осыған байланысты Акция Қатысушысы қандай-да бір теңгерімақыны, оның ішінде ақшалай теңгерімақыны талап ете алмайды.

9.16. Акция жүлделерін алуға байланысты Жеңімпаздарда туындайтын жеке табыс салығын төлеуді Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық агенті ретінде дербес жүзеге асырады.

Жеңімпазда Акция Жүлдесін алуға, иеленуге және оған иелік етуге байланысты туындайтын өзге де төлемдерді жүзеге асыруды, Қазақстан Республикасының (немесе) өзге елдердің бюджетіне алымдарды, салықтарды, комиссияларды және өзге де қосымша төлемдерді төлеуді Жеңімпаз өз бетінше жүзеге асырады.

10. ШЫҒЫНДАР. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

10.1. Ұйымдастырушы да, Тапсырыс беруші де келесілер үшін жауапты емес:

- 1) Қатысушылардың Акцияға қатысуға және (немесе) жүлделер алуға байланысты міндеттерді орындамауы (уақтылы орындамауы);
- 2) Қатысушылардың Акция ережелерімен таныспауы, сол сияқты акцияны өткізу нәтижелерімен таныспауы;
- 3) Қатысушылардан хаттарды, қоңырауларды және/немесе электрондық хабарламаларды, оның ішінде пошта қызметінің, байланыс ұйымдарының кінәсінен, Акция өткізу кезінде пайдаланылатын интернет желісіндегі және/немесе байланыс арналарындағы техникалық мәселелер және/немесе алаяқтық нәтижесінде алмау;
- 4) Қатысушылардан Жүлделерді алу үшін қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмау (уақтылы алмау);
- 5) Қатысушылардан Акцияны өткізу және Жүлделерді беру мақсатында қажетті толық емес және/немесе дұрыс емес байланыстық және/немесе өзге де мәліметтерді, дербес деректерді алу;
- 6) Акцияны Ұйымдастырушының кінәсінен тыс туындаған ұялы байланыс операторларының, интернет-провайдерлердің кез келген техникалық іркілістері, ақаулары, профилактикалық жұмыстары және өзге де жұмыстары;

7) Акцияға қатысуға және (немесе) Жүлдені алуға байланысты Қатысушы жұмсаған кез-келген шығындар және (немесе) залалдар.

8) еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдайлары туындаған кезде, оның ішінде COVID-19-ға байланысты төтенше жағдай режимін және/немесе шектеу шараларын, тыйым салуларды енгізу.

10.2. Акция Қатысушыларының барлығы Акцияға қатысуға байланысты өздері жұмсаған барлық және кез келген шығындарды (оның ішінде шектеусіз, Интернет желісін пайдалануға, акция туралы кез келген ақпаратты алуға, акциядық өнімді сатып алуға және т.б. байланысты шығындарды) өз бетінше төлейді.

10.3. Акцияның Ұйымдастырушысы және (немесе) Тапсырыс берушісі Акция Жұлделеріне құқық туралы кез-келген дауларға қатысты жауапты болмайды. Қалай болғанда да, дауларға қатысты түпкілікті шешімді Тапсырыс беруші қабылдайды және мұндай шешімдерге шағым жасалмайды.

10.4. Ұйымдастырушы да, Тапсырыс беруші де, ұялы телефон нөмірінің, электрондық мекен-жайдың, Акциядық өнімнің, чектің қандай-да бір тұлғаға тиесілілігі туралы даулар туындаған жағдайда дауға түспейді. Барлық осындай даулар жанжал тараптары арасында өз бетінше және өз есебінен шешіледі.

11. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

11.1. Қатысушы өзінің дербес деректерін өңдеуге, жинауға, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға, алуға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға, трансшекаралық беруге келісім береді.

11.2. Ережелердің 12.1-тармағында көрсетілген. Қатысушының келісімі Акцияның Ұйымдастырушысына, Тапсырыс берушісіне және Техникалық серіктесіне, сондай-ақ олар уәкілеттік берген тұлғаларға беріледі және Қатысушы Акцияның Тапсырыс берушісінің mdlz.consumer@mdlz.com электронды мекен-жайына жіберілген хабарлама арқылы кез-келген уақытта кері қайтарыла алады.

Қатысушының келісімін кері қайтарып алу туралы хабарлама алған жағдайда Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші, Техникалық серіктестер және(немесе) олар уәкілеттік берген тұлғалар дербес деректерді өңдеуді тоқтатады және дербес деректерді кері қайтарып алу келіп түскен күннен бастап 14 (он төрт) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жояды. Бұл кезде Қатысушының Акцияға одан әрі қатысуына жол берілмейді, Қатысушы Жүлдені алу құқығынан айырылады.

11.3. Акцияға қатыса отырып, Қатысушылар Акцияны өткізу мақсаттары үшін өздері ерікті түрде ұсынған дербес деректерді Акцияның Ұйымдастырушысы, Тапсырыс берушісі және Техникалық серіктестері, сондай-ақ олар уәкілеттік берген тұлғалар деректерді өңдеудің автоматтандырылған құралдарын қолдана отырып өңдейтіндігіне Акция Ұйымдастырушысына, Тапсырыс берушісіне және Техникалық серіктестеріне өз келісімін береді.

11.4. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы нақты, өзекті (шынайы) дербес деректерді, оларға тиесілі телефон нөмірлерін, электронды мекен-жайды көрсетуге міндеттеледі.

11.5. Акция Қатысушыларының дербес деректері Қазақстан Республикасы заңнамасының, атап айтқанда, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V ҚР Заңының (әрі қарай - Заң) талаптарына сәйкес құпиялылық талаптарында, өңдеу/сақтау мерзімі шектелмей сақталады және өңделеді.

12. ӨЗГЕ ШАРТТАР

12.1. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы растайды:

12.1.1. Акцияны өткізудің барлық Ережелерімен және оған қатысу шарттарымен танысуды және келісуді.

12.1.2. Қатысушыға сыйақы төлемей, Акцияны, "Орео" сауда белгісін жарнамалау және(немесе) алдын ала жариялау мақсатында Ұйымдастырушы және(немесе) Тапсырыс беруші оның бейнесі бар фотоматериалдарды, сұхбат пен оның қатысуымен өзге де материалдарды пайдалануға өз келісімін беруді.

Қатысушы Ұйымдастырушыға мұндай материалдарды эфирге беру, көпшілікке көрсету жолымен пайдалану құқығын, сол сияқты Акцияны және оның нәтижелерін жария жарнамалау және(немесе) алдын ала жариялау, сондай-ақ "Орео" сауда белгісі мақсатында өзге де айрықша емес авторлық құқықтарды береді;

12.1.3. Ұйымдастырушы Қатысушыға байланысты материалдарды БАҚ-та, сайтта, Интернет желісінде жариялау алдында оларды Қатысушымен алдын ала келіспей редакциялау құқығын өзіне қалдырады.

12.2. Акция Ұйымдастырушысы өз ұйғарымы бойынша, Қатысушыларға себептерін түсіндірмей және олармен хат жазыспай, Акция Қатысушыларының кез-келген әрекеттерін жарамсыз деп тануға, сондай-ақ Акцияға одан әрі қатысуға тыйым салуға, Ұйымдастырушының Қатысушының деректерді қолдан жасайды немесе деректерді кез келген қолдан жасаудан пайда көреді деген негізделген күдіктері туындаған кез келген тұлғаға жүлде беруден бас тартуға құқылы.

12.3. Акцияға қатыса отырып, әрбір Қатысушы Тапсырыс берушіден, олар уәкілеттік берген тұлғалардан болашақта оның ұялы телефон нөміріне, e-mail мекен-жайына SMS-хабарламалар, жаңалықтар және басқа да ақпараттық/жарнамалық хабарламалар (жіберілімдер) алуға қолданылу мерзімі бойынша шектеусіз келісім береді.

Қатысушы mdlz.consumer@mdlz.com электронды мекен-жайына тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, көрсетілген ақпаратты алудан кез келген сәтте бас тартуға құқылы.

12.4. Осы Ережелерді, кез келген даулы мәселелерді және / немесе осы Ережелермен реттелмеген мәселелерді бір мәнді түсінбеуге жол беретін жағдай туындаған кезде, түпкілікті шешімді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші қабылдайды. Барлық шағымдар мен дауларды Тапсырыс беруші қабылдайды.

12.5. Осы Ережелерде көзделмеген барлық жағдайларда Ұйымдастырушы / Тапсырыс беруші /Техникалық серіктестер, Акция Қатысушылары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.